



30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні



Құттықтаулар!

Жетістіктер мен дамудың кепіліне айналды

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев "Қазақстан Конституциясы халықтың бірлігі мен мемлекет тәуелсіздігінің берік негізі" деп атап өтті. Ата Заңымыз егемен Қазақстан жетістіктері мен дамуының кепіліне айналды. Конституциямызды басшылыққа алып, біз экономикалық дамуға, өсімге, еліміздің тұрақтылығы мен қоғамның тыныштығына, халықтың әл-ауқатының артуына қол жеткіздік.

Биыл ел тарихында маңызды оқиға орын алды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен 5 маусым күні ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша республикалық референдум өтті.

Жалпы алғанда референдумда Ата заңға өзгеріс енгізуді біртұтас халық болып қолдадық. Конституциялық түзетулер халықтың сұранысына негізделіп, қоғамның дамуы үшін жүзеге асырылады.

Қадірлі аудан тұрғындары!

Баршаңыздың еліміздің Ата-заңы – Конституция күнімен құттықтаймыз! Еліміз аман жұртымыз тыныш болсын. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз!

1 қыркүйек - Білім күні!

Қымбатты ұстаздар!

Қадірлі оқушылар мен ата-аналар!

Сіздерді айтулы мереке - 1 қыркүйек - Білім күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн әрбір адамның жүрегіне жылы сезім сыйлап, жақсы естеліктер қалдыратын ерекше мереке.

Біздің ертеңгі болашағымыз, бүгінгі білім саласына төгілген теріміз бен еңбегіміздің нәтижесіне байланысты. Сондықтан мемлекет тарапынан білім саласына ерекше көңіл бөлініп келеді. Педагогтардың айлығына жыл сайын үстеме қосылып, оқушылардың білім сапасының артытуы үшін, мектептердің техникалық-материалдық базасы нығайтып, олардың сапалы білім алуы үшін барлық жағдайлар жасалуда.

Биыл Таукент кентіндегі Сүгір Әліұлы атындағы мектебіне 300 орындық оқу корпусы мен Ақсұмбе елді мекеніндегі С.Қожанов атындағы 100 орындық мектеп пайдалануға беріледі. Алдағы уақытта Ыбырай елді мекенінде Құрманғазы мектебінің жаңа ғимараты салынады. Одан бөлек, жекелеген балабақшалар бой көтеруде. Мұның бәрі білім саласына жасалып жатқан қамқорлық екенін айта кетуіміз керек.

Қадірменді ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жаңа оқу жылында шалқар шабыт пен шығармашылық табыс тілейміз!

М.ТҰРЫСБЕКОВ,
Аудан әкімі.
Б.БАЙҒАРАЕВ,
Аудандық мәслихаттың хатшысы.

Аудандық мәслихаттың хатшысы.

Президент экономикалық мәселелер жөнінде кеңес өткізді



Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен кеңестің күн тәртібінде еліміздің 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы, сондай-ақ 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасына қатысты мәселелер қаралды, деп хабарлайды Egeмен.kz Президенттің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Премьер-Министр ұсынған макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша 2022 жылы жалпы ішкі өнімнің нақты өсімі 3 пайыздан кем болмады. Ал 2023 жылы 4 пайызға жетеді.

Президент ұсынылған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының тепе-теңдігін атап өтті. Үкіметтің деректеріне сәйкес, жалпы ішкі өнімнің номиналды өсімі биылғы 103,6 триллион теңгеден 2023 жылы 120,7 триллион теңгеге дейін жетеді деп болжанып отыр. Болжам бойынша келесі жылы салық түсімдерінің артуы есебінен бюджеттің кіріс бөлігі 10,5 триллион теңгеден 13,5 триллион теңгеге дейін ұлғаяды.

«Республикалық бюджет жобасының оң аспектісі ретінде Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттердің 2022 жылғы 4 триллион теңгеден 2023 жылы 2,2 триллион теңгеге дейін күрт төмендеуін айтуға болады.

Макроэкономикалық тұрақтылыққа шикізаттық емес дефициттің 2023 жылы 8,3 пайыздан 6,8 пайызға дейін төмендеуі де оң әсер етеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет назарын тағы да қаржыны тиімді жоспарлау мен үлестіру қажеттілігіне аударды. Жалпы алғанда, Президент Қазақстан Республикасының 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының ұсынылған болжамын және 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын кеңес барысында талқыланған мәселелерді жетілдіруді ескерте отырып, қолдады», делінген баспасөз хабарламасында.

Үкіметте құрылыс саласын реформалау мәселелері талқыланды

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов құрылыс саласын реформалау және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері жөнінде кеңес өткізді, деп хабарлайды Egeмен.kz.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Еркебұлан Дауылбаев өзінің баяндамасында құрылыс саласының тиімділігін арттыру тетіктерін әзірлеу қорытындылары бойынша заңнамалық түзетулер пакеті дайындалғанын атап өтті.

Осылайша, жаңа нормаларды енгізудің арқасында шағын және орта бизнестің мемлекеттік сатып алуға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту, заңсыз және өнімсіз қосалқы мердігерлердің, сондай-ақ біліктілігі жоқ лицензиаттардың қызметін шектеу жоспарлануда.

«Бұдан басқа, нарық субъектілеріне жер учаскелерін алу кезінде тең мүмкіндіктер беру, үлестік құрылыс саласын жетілдіру және бүкіл сала бойынша лайықты еңбекақы төлеуді қамтамасыз ету жоспарлануда», делінген Үкіметтің баспасөз қызметі та-



ратқан хабарламада.

Заңнамалық түзетулерді қабылдау құрылыс көлемін біркелкі бөлуге, орындалатын жұмыстардың сапасы мен ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Премьер-Министр ұсынылған жаңа енгізілімдердің негізгі бөлігін қолдап, мүдделі мемлекеттік органдарға есептеулерді қажет ететін тұстарды қосымша пысықтауды тапсырды.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Аппараттық жиын өтті



Ағымдағы аптада аудан әкімдігі аппаратының жиыны өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, ауыл, кент округ әкімдері мен бөлім, мекеме басшылары қатысты. Жиынды жүргізген аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, ауыл, кент округтер мен

бөлімдердің атқарып жатқан жұмыстарын тыңдады.

Күн тәртібіндегі мәселеге орай аудан әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дулат Байзақов, «2022-2023 жыл-

дар бойынша қысқы жылыту маусымына дайындық барысы» туралы хабарлама жасады. Бірқатар мекемелердің қысқы маусымға дайын болмай отырғаны баяндады. Аудан басшысы тиісті мекемелерге тез арада олқылықтың орнын толтыруды тапсырды.

Сондай-ақ жер қатынастар бөлімінің басшысы Бауыржан Әбенұлы «пайдаланылмай жатқан ауылшаруашылығы және тұрғын үй салу мақсатында берілген бос жерлерді аудан дер қорына қайтару жұмыстары туралы» хабарлап, атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Аппараттық жиында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, бөлім мен ауыл, кент округ әкімдеріне құрылыс, ауыл шаруашылығы саласы бойынша тапсырмалар берді.



Бірқатар нысандарды аралады

Жуырда аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Шолақ-қорған ауылындағы бірқатар нысандарды аралады. Жібек Жолы көшесінде аудан әкімдігі мен Түркістан облысы «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы, Созақ аудандық филиалының ұйымдастыруымен өтіп жатқан мектеп формасының жәрмеңкесіне барды. Сондай-ақ жөндеу жұмыстары жүріп жатқан «Тең қоғам» орталығы мен жаңадан салынып жатқан аудандық

қорғаныс істер жөніндегі бөлімнің ғимаратында болды. Тәуелсіздік саябағына барып, ауыл округ әкіміне көркейту-кеғалдандыру жұмысы бойынша тапсырма берді. Кәсіпкерлік ғимаратының алдында бақша дақылдарын егіп, аудан халқына арзан бағада сатып жатқан «Жанболат» шаруа қожалығының өнімдерімен танысты.

«Созақ үні»-ақпарат.

КОМИССИЯНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Аудан әкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының кезекті отырысы өтті. Аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов жетекшілік еткен жиналысқа тиісті сала мамандары мен дербес бөлім басшылары, комиссия мүшелері қатысты. Күн тәртібінде әйелдердің репродуктивті денсаулығын қорғау, ана мен бала өлімінің алдын-алу шаралары талқыланды. Сондай-ақ, «Іскер әйел: жаңа мүмкіндіктер-2022» «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің форумының ұйымдастырылуы жайы талқыланды. Жоғарыда аталған мәселе-



лер бойынша Созақ аудандық орталық ауруханасы басшысының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары Аққозиева Гүлжанат Шермаханқызы, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы Нұржамал Майусова

арнайы баяндама жасады. Жиын соңында ұсыныс, пікірлер назарға алынып, сала мамандарына тиісті тапсырмалар жүктелді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Журналистермен жүздесу

Журналистер Одағының Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Ф.Елшібай, Жазушылар Одағының Түркістан облыстық филиалының төрағасы А.Сейдазым бастаған бір топ қаламгерлер Созақ ауданында болды. Қонақтар өлке тари-

ке, баспасөзге қатысты өзекті мәселерді де тілге тиек етті. Өз кезегінде әңгіме тізгінін алған Ф.Елшібай журналистер атқарып жатқан жұмыстарды атап өтіп, қазіргі таңда журналистер қауымы алдында тұрған кәсіби міндеттер, шешімін табуға тиіс сұрақтарға

лымы, блогерлер, жас таланттарды қолдау жайлы ойларын, ұсыныстарын ортаға салды. Айтары бар жастарды көріп қуандық, пайымды сөзі бар аға толқынға ілтипатымыз арта түсті. Басқосуда М.Тұрысбеков қонақтарға алғыс білдіріп, бір топ қаламгерді марапат-



хи және киелі орындарын аралап, ел-жер тарихымен танысты, аудан әкімі М.Тұрысбековтың қабылдауында болды, теріскейлік қаламгерлер - Журналистер және Жазушылар одағының мүшелерімен кездесті. Еркін, ашық пікір алмасу, әңгімелесу барысында М.Тұрысбеков ел тыныс-тіршілігін баяндай

тоқталды. Журналистердің аудандық бөлімшесінің төрайымы Н.Майусова кездесу ұйымдастырудың мақсатын айта келіп қатысушыларды таныстырды. Ә дегеннен ашық-жарқын басталған әңгімелесу барысында А.Сейдазым, М.Асқаров, С.Теңізбаев және жас қаламгерлер әдебиет, газет-журнал оқы-

таса, Ф.Елшібай да Одақ тарапынан Алғыс хаттар тапсырып, ықылас-ілтипатын білдірді. Созақтағы дөңгелек үстел басындағы жарқын жүздесу естелік суреттерге түсіп, өзара әңгіме-сұхбаттарға ұласты.

Гүлнар ӨМІРБЕК.



Ауданда спорт күні мерекесіне орай салтанатты шара өтті. Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында өткен шараға спортшылар мен жаттықтырушылар, сондай-ақ ардагер спортшылар қатысты.

Аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов, құттықтау сөз сөйлеп, спортшыларға жылы лебізін арнады.

– Баршаңызды тамыз айының үшінші жексенбісінде аталып өтетін спорт күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – барша спортшылар, жаттықтырушылар, өмірлеріне спортты серік еткен жандар үшін ерекше мереке. Балалар жылы мен спорт күніне орай, биіктен көрініп жүрген жас спортшыларды құттықтауға рұқсат етіңіздер - деді.

Аудандық әкімдік атынан үздік спортшылар мен жаттықтырушыларға алғыс хат табыс етіліп, сый – сияпат жасалды. Бірқатар спортшыларға аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараевтың алғыс хаты табысталды.


Созақтық спортшылар облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарға тұрақты қатысып, биік орындар көрініп келеді. Сондай-ақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, Созақ ауданның құрметті азаматы Анарбай Шәдібеков пен Мыңжасар Асқаров, Жетілген Сармантаев құттықтау сөз сөйледі.

Бүгінде грек-рим күресінен Серікбай Әсет, еркін күрестен Нұрлыбек Талғатұлы, гир тасын көтеруден Баби Орынбасар биік белестерді бағындырып жүр.

«Созақ үні»-ақпарат.

1995 жылы 30 тамызда Ата Заңымыз-еліміздің Конституциясы қабылданып, «Қазақстан Республикасының мерекелері» заңына сәйкес мемлекеттік мерекелер тізіміне енген болатын. Осылайша, Республика Конституциясының күні барлық Қазақстан халқы мерекеліктін жалпы мемлекеттік мейрамға айналды.

Ата Заңымыздың назар аударатын басты ерекшелігі – бұған дейінгі конституциялар өкілдік органдар арқылы қабылданған болса, 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституция халықтың тікелей қатысуымен референдум арқылы қабылданды, осылайша еліміздің халқы өзінің және келер ұрпақтың болашағын айқын белгілеп берді.



азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы. Ата Заңымыз азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік береді. Орта білім алу міндетті. Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

Сонымен қатар, Ата Заң Қазақстан Республикасы азаматтарының

Ата заң-құқықтарымыз бен бостандығымыздың кепілі

Еліміздің Ата Заңы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын өз бойына сіңірді. Конституциямызда адамдардың табиғи құқықтары мен бостандықтары, билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыру және дамыту, Қазақстанда азаматтық қоғам құру туралы дүниежүзі таныған прогрессивті идеялар бекітілді. Ең жоғарғы заңдық күші бар Қазақстан Конституциясы Республикадағы қолданылатын және қалыптасып жатқан құқықтық жүйесінің нормативтік бастауы бола тұра, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың маңызды жақтарын реттейді. Ол-ел тәуелсіздігінің, мемлекеттігінің негізгі тірегі, саяси-құқықтық төлқұжаты.

Ата Заңның 1-тармағында «Қазақстан өзін ең қымбат қазынасы – адам және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. Заңда белгіленген барлық тәжірибеміз, қағидалар өмірдің салаларын өркениетті заң жүзінде басқаруға мүмкіндік береді.

Осылайша, мемлекетіміздің Ата Заңы халқымыздың тәуелсіз ел болуды армандаған мүддесін заң тілінде айшықтаған, әлемге адамзат ғаламына Қазақстан деген мемлекет бар екенін паш еткен құқықтық құжат болып табылады. Осы Конституциямен еліміздің мемлекеттік тұғыры нығайды, оның басқару тетігі бір жүйеге келді. Еліміздің бұл негізгі Заңы бірінші рет Қазақстан Республикасын президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет деп жария етті. Саяси партиялардың рөлі көтеріліп, адам құқығын қорғау жаңа деңгейде қамтамасыз етілді.

Ата Заңымыздың 2-бөлімі «Адам және азамат» деп аталып, адамның және Қазақстан Республикасы азаматының табиғи құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылды. Осы ретте Конституциямызбен бекітілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына назар аударғым келеді. Әлбетте, адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс. Әркім өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы.

Сондай-ақ, әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Әркімнің

билікті заң көмегімен алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Конституциямыз паш еткен мемлекетіміздің аса құндылығы-адам өмірі, ол әркімнің табиғи құқығы болып табылады.

Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Бұл сөздерді мен басып айтқым келеді, себебі қазіргі заманымызда адам өмірі кейбір азаматтар үшін шыбын құрлы болмай жатыр. Адам өміріне қауіп келтіру, адам өлтіру заманымыздан, ұрпағымыздан алыс кетсе екен деп тілеймін. Осы ізгілік қағидасын ұстанған Ата Заңымыз «өлім жазасы тек адамдардың террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ, соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның көшірім жасау туралы өтініш ету хақы бар» деп бекітті.

Конституциямыздың 16-бабы әркімнің жеке басының бостандығына құқығын жария етті. Яғни, заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындалуға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.

Конституциямыздың 17-бабында «адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды» делінген. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтын-дай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

Ата Заңымыздың 18-бабы «әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығын» паш етті. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдер мен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен бірге, Ата Заңымыз сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік береді. Цензураға тыйым салынады. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез-келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.

Ата Заңымыз «Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік,

ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді» деп жария етті. Ата Заңымыз «әркімнің ар-ождан бостандығына құқығын» бекітіп берді. Сондай-ақ, әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығын жария етті.

Ата Заңымыз әркімнің тынығу құқығына кепілдік береді. Әркім еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа құқылы. Сонымен бірге, Ата заңымыз азаматтардың тұрғын үйге құқығына кепілдік береді. Соттың шешімсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.

Қазақстан Республикасында азаматтардың тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі. Ата Заңымыз сонымен қатар, әркімнің меншік құқығына кепілдік береді. Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.

Ата Заңымыз «әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез-келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығын» жария етті. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады. Сонымен қатар, Ата Заңымыздың 27-бабы «неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады» деп жария етті. Бұл ретте, балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу-ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

Ал, кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті. Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабымен «Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар. Республика

саяси құқықтары мен бостандықтарын, яғни тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге немесе жеке және жұмысқа өтініштер жолдауға құқығын бекітті. Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға және мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және заңмен белгіленеді.

Назар аударатыным, Ата Заңымыз азаматтарына құқықтар мен бостандықтар белгілеумен қатар, бірқатар міндеттер жүктейді. Ең алдымен, әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті. Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады. Қазақстан Республикасын қорғау-оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті.

Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады. Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға және табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.

Ұлтаралық татулықты бұзатын кез-келген әрекет конституциялық емес деп танылады. Халық өзі қабылдаған заңын құрметтеп, қастерлеуі керек. Заң жақсы жұмыс істеу үшін, оны бұлжытпай орындау күнделікті дағдыға, әдетке айналуы керек. Біздің Ата Заңымыз дүниежүзіндегі ең жас Конституциялардың бірі. Негізгі Заңға құрметпен, құнттылықпен қарау-біздің ортақ парызымыз.

Конституция күні-Тәуелсіз Қазақстанның құқықтық өмірінде мән мен маңыздылығы жағынан ерекше орынға ие, халқымыздың ең жоғарғы дәрежеде атап өтетін басты мерекелерінің бірі. Осы мереке қарсаңында барша қазақстандықтарға татулық пен келісім, денсаулық, табыс пен молшылық тілеймін. Ата Заңымыз тарихымыздың мақтанышына айнала берсін.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

Әңгімемізге арқау еткелі отырған арда азамат Әбдіқадыр аға 1935 жылы 5 мамырда Құмкент ауылында, әйгілі Баба Түкті Шашты Әзіз әулиенің түбіндегі көне шаһарда дүниеге келген. Құмкент ауылындағы орта мектептің табалдырығын аттап, туған жері мен өрісті өлкесінің саф ауасымен өсті. 1953 жылы Киров ауданындағы «Победа» орта мектебін үздік бағамен бітіріп шығады. Сол жылы Алматы қаласындағы іргетасы сонау 1928 жылы, яғни Созақ ауданы құрылған жылы қаланған, Алматыдағы аға институттардың бірі Еңбек Қызыл Ту орденді зооинженерлік-малдәрігерлік институтына оқуға түседі. Әрине, ол уақытта соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру жылдары болғандықтан ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, өндірістер мен өнеркәсіптер, қираған қалаларды қалпына келтіру бағдарламалары

тұрған шақ болатын. Сұр қаракөл қойы-сұр елтірі өндіру үшін өсірілетін қаракөл қойы. Қазақстанда сұр қаракөл қойының бұқарлық, сурхандариялық, қарақалпақ сұрпы деп аталатын үш түрі өсірілетін. Сонымен қатар Оңтүстік Қазақстанның жер жағдайына жақсы бейімделген, өзіндік ерекше реңі бар сұр қаракөл қойының Әлімтау және Байырқұм зауытында жаңа түрлері шығарылған еді.

Одан кейін қазақтың қылшық жүнді құйрықты қой тұқымы елге танылды. Бұл тұқым Қазақстанда ертеден қалыптасқан. Әрбір аймақта өзінің жергілікті тұқымдары шығарылған. Еділбай қойынан кішірек, өнімділігі де төмендеу. Бірақ жергілікті жерлердің ауа райы, азықтық жағдайына жақсы бейімделген қойлар. Ал 1994 жылы шығарылған Сарыарқа қой тұқымы көптеген ғалымдардың зоотехник селекционер-



дың жаңа тұқымдарын шығаратын дарынды ғалым болар еді. Сол уақытта Әбекең қорадағы қойдан, өрістегі басқа да төрт түліктен бұрын сол түліктерді өсіріп, көбейтіп, сақтап, жай-күйін келтіріп жүрген тынымсыз еңбектің тұрақты өкілі шопан, механизатор, егінші қауымның әлеуметтік жағдайына бірінші кезекте мән беретін. Сол еткен еңбегі өз жемісін берді. Әрине жағдайы жалған еңбек адамы еңбек өнімділігін арттыра түсетіні анық. Басқарма, совхозда абырой биігінен көрініп халықтың сан тарау алғысына ие болды.

Бақыт Танағезов, сол уақыттағы жастар жетекшісі: -Әбдіқадыр аға ең бірінші кезекте жастардың қолдаушысы еді. Білімді, іскер, қабілетті талапшыл, өте жылдам, әрі сөзі мағыналы ағаны әруақытта үлгі-өнеге тұттық. Сол уақытта Сәрсен Мейірманов, Болат Айдарбеков,

Ұлттық рухтың

социалистік екпінді еңбек майданы ретінде қызып тұрған уақыт болатын. Әбдіқадыр аға 1958 жылы аталмыш институттың малдәрігерлік факультетін мал дәрігері мамандығы бойынша тәмамдайды. Сол уақытта меритократия саясаты өз күшінде болатын. Сол себепті де кез келген маман ең төменгі қызмет баспалдағынан еңбек жолын бастайтын. Сол саясатпен білікті жас маман Құмкент совхозындағы алғашқы еңбек жолын ферма веттехнигі қызметінен бастайды. Совхоз, аудан басшыларының назарына жігер-қайратымен, білімді іс-әрекетімен назарға ілінген жас маман келесі жылы 24 жасында Тасты совхозының бас малдәрігері қызметіне тағайындалады. Отызында орда бұзған, шалғайдағы совхоздарда жүріп ысылған майталман маман тура отызында аудандағы іргелі шаруашылықтардың бірі, тоғыз жолдың торабындағы Жартытөбе совхозына бас малдәрігері болып ауысады. Ол уақытта Жартытөбе совхозының директоры Исабек Мырзахметов болатын. Қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің өркендеуі мен дамуы жолында іргелі істердің көш басында жүрген, бірі облысты, ауылшаруашылығы министрілігін басқарған, енді бірі лауазымды қызметте жүрген Асқар, Абылай Мырзахметовтердің әкесі еді. Әбдіқадыр Әлтеков 1968 жылы аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бас малдәрігері қызметіне жоғарылатылады. Құмкенттегі, Тастыдағы, Жартытөбедегі еткен еңбектері екшеліп, еленіп аудан басшылығына осындай ұйғарымға келуге жол ашады. 1970 жылы 35 жасында Созақ аудандық ауылшаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметіне сатылайды. 1972 жылы қазан айында Қазақстан Кеңестік Социалистік Республикасы ауылшаруашылығы министрі М.Моториковның бұйрығы негізінде Сарыарқаның алтын қақпасы Тасты совхозына директор болып тағайындалады. Осы совхозда сонау 1959-1965 жылдар аралығында бас малдәрігері бола жүріп еңбек адамдарымен, оның ішінде шопандар, мал шаруашылығында кіші қызметкер азаматтармен сыйластықта, ағалы-інілі араластықта қадірін арттырған Әбдіқадыр ағаны Тасты ауылының еңбеккерлері қуана қарсы алды. Жұмыс барысында талапты басшы, әлеуметтік тұрмыстарында қамқор әкедей бола білген арда азамат ауыл жұртшылығы алдында абырой биігінен көріне білді. Дос, туыс, жора-жолдас арттырды. Тағы айта кетер жайт сол жылдары «Тасты» кеңшары республика көлемінде сұр қаракөл елтірісін өндіруде жарқыраған жұлдыздай аты дүркіреп

лердің ұзақ жылғы мақсатты еңбегі нәтижесіндегі еңбектері. Кеңес өкіметінің экспортқа шығаратын, айырбастау құны доллармен есептелетін басты өнімдерінің бірі қаракөл елтірісі болатын. Қаракөл қой шаруашылығын өркендету мен оның рентабельділігін арттыру ол уақытта күн тәртібінен түскен емес. Қаракөл қойларын өсіретін ірі шаруашылықтар, оның тұқымын асылдандыру ғылыми-зерттеу орталықтары ашылып, қаракөл шаруашылығына айрықша назар аударылды. Сол жылдары Отырар, Созақ аудандары қаракөл шаруашылығына арналған аудандар санатында болды. 1968-69 жылдары аталмыш аудандарда бір жарым миллион бас мал болды. Олардан жыл сайын 3 млн-ға жуық елтірі өнімдері алынды. Әрі олар Мәскеуге жөнелтіліп жатты. Одан әрі алтынмен бағаланып шет мемлекеттерге сатылғаны белгілі. Елтіріден жакет, пальто, папаха, тұмақ, жаға, күрті тігу көбейіп дүние жүзі базарына үлкен сұраныспен шыға бастайды. Соның нәтижесінде қаракөл қойының аты шығып, даңқы өсіп жер-



жерге тараған. «Қаракөл» атының шығу себебі қаракөл қозылар жас кезінде күн көзіне қызынып, топтанып жатқанда, алыстан қап-қара, деп-дөңгелек болып көрінеді. Сол көріністі көлге ұқсатып атаған дейді. Қалай болғанда да, қаракөл деп қозының елтірісін атайды. Сол ұғым қазір заңды түрде қолданыста. Қаракөл қой тұқымы – әдемі де сұлу елтірісімен дүниеге жүзіне әйгілі болды. Қаракөл қойы ұзын майлы құйрықты қой тобына жататын,

шөлдің қатаң жағдайына бейімділігімен, көнбістілігімен, жүрдектілігімен ерекшелінеді. Тұлғасы берік, терісі жұқа, бірақ тығыз. Қаракөл қойлары түсіне қарай: қара, көк, сұр, ақ, қоңыр, райхан түсті болып бөлінеді. Оңтүстік Қазақстан облысының шаруашылықтарында өсіріледі. Жылдан жылға басқа жерлерге де таралып бара жатыр. Міне, осы іргелі бастамаларда қаракөл қойын зерттеуші ғалымдардың, «Тасты» совхозының басшылары мен шопандарының елеулі еңбектері ел есінде қалды. Олай дейтініміз КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, Түрікмен ауыл шаруашылық институтының зоотехникалық факультетінің түлегі, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері Көпмағамбет Елемесовпен және Созақ ауданының бұрынғы әкімі, ғалым Әбдірахман Омбаевпен бірге «Тасты» совхозында сұрша қаракөл тұқымын шығарып, сол тұқымның авторы атанып, сертификат иеленді. Бүкілодақтық халық шаруашылығының көрмесінде аттары алтын

Серік Байдабеков, өзім сияқты шәкірттерді тәрбиелеп өмірдің сан салалы соқпағына бағыт-бағдарын берді. Сейдахмет Айтжанов, Кенжеғұл Берденұлы, Балтабай Әбдраманов сияқты замандастары барын білетінбіз. Әбекеңді әрқашанда еске алған сайын шаруашылықтың жықпыл жырасына дейін білетін дала академигі десе болғандай. Ешқашан жастарға, жас мамандарға білгенін үйретуден жалықпайтын. Ол кісінің кейде істеген ісімізге риза болмай қалған сәтін көз қарасынан байқайтынбыз. Әбдіқадыр аға жұмысқа жан-тәнімен беріліп қызмет атқаратын. Шаршау, демалу дегенді білмейтін. Қашан көрсенде шаруашылықтың фермаларын, шопан ауылдарын, жайылымдарды аралаудан бір тынбайтын. Иә, тынымсыз еңбек етті, қадағалаудан жалықпайтын жан еді. Әрі сол талапты жас мамандарға жүктеп, өзі әрдайым бақылауында ұстап жүретін. Біздерді қай уақыттарда болмасын талапшыл болуға, алғырлыққа, іскерлікке талаптандырды. Өмірді ұзаққа жалғасқан қара жол десек, сол жолға бет алған біз сияқты жас жолаушыларға дұрыс бағыт-бағдар берген абзал азамат ретінде есімнен шықпайды. Тапсырылған жұмыстан нәтиже шығаратын қасиеті ол кісіні өзгеше жан етіп көрсететін. халықтың бірлігі үшін, әділдік үшін жанын аямай күресетін. Тасты ауылынан малшыларға арналған тұрғын үйлер есебінен жаңа типтегі аурухана салдырып берді. Бұл бүкіл ауыл тұрғындарының бірінші кезектегі байлығы денсаулығы үшін маңызы зор еді. Осы ерен еңбегін елеген КСРО Денсаулық сақтау министрі, академик Чазовтың қолынан «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі» медалімен марапатталған еді. **Айдарбеков Болат, шәкірті:** -Расында шаруашылықтың озық басшысы, іскер де талапшыл ағаның шәкірті болдым. сыйластық расында жасқа, жас айырмашылығына қарамайды екен. Ниетіміз тұзу, мақсат-мүддеміз бір болғандықтан да шаруашылықтың дамуы мен өрістеуіне біріміз басшы, біріміз қосшы ретінде ортақ қадам жасадық. Мен білетін Әбекең жаратылысынан еңбекке берілген жан. Ол кісі қызмет атқарған жерін гүлдендіріп, жандандырып соңына жарқын ізін қалдырып жүретін. Сонау «Тасты» совхозын басқарған жылдары Тастыда сол кісінің қолымен жаңадан гараж, шаруашылық кеңсесі, от жағатын қазандық, тұрғын үйлер, қонақ үй, «Төртқұдық» деген жерден мал бордақылайтын комплекс салынып пайдалануға берілді.

әріппен жазылғаны елдің есінде қалды.

Сексенбай Тұрысбеков, еңбек ардагері: -Әбекеңмен Созақ ауданында еңбек еткен жылдар ішінде ұдайы сыйластықта болдым. Ол кісіге баға бергенде алдымен ауылшаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығының білікті де білімпаз маманы дер едім. Әбекең совхоз директоры болмаған жағдайда немесе Созақ ауданына қызметке келмегенде ғылым саласын меңгеріп, мал-

Шу өзенінің үстіндегі «Қырық кепе» мекені жанындағы көпірді қайта жөндеуден өткізіп, Бетпақ далаға малды төте жолмен айдау арқылы төрт түлік малдың қондылығын сақтау, жолды қысқарту арқылы малшы қауымның жұмысын жеңілдету жолын қарастырғаны өз алдына бір әңгіме еді. Шаруашылық басқарып тұрған жылдары Тастыда ауылға кіре берістен бау ектіріп, жазғы клуб салдырғаны есімде. Тасты совхозының Одаққа шығып дүркіреп тұрған шағы осы жылдар болатын. Өкініштісі кейін совхоздар тарап, шаруашылықтар шайқалған жылдары тозып кетті. Алайда елдің есінде ардақты жанның өнегелі де өрісті ізі қалды. Біздің еңбек жолымыздағы жеткен жетістіктеріміз, елдің шынайы берген бағалары бар болса, ол бағалар Әбекеңнің ұстаздық еткен жылдарының бағасы екені даусыз. Артында қалған



жігіттердің ішкі мәдениеті деген зор болатын. Әбекеңнің үйіндегі Родина екеуіміз бір үйдің қызындай өмір бойы достық пен бауырластықта сыйласып жүрдік. Родина дастарханды, көпшіл, мейманшыл, әдепті, таза жүректі жан еді. Екеуі бір-біріне сондай жарасып тұратын. Ұл-қыздары да ата-аналарына қарап бой түзеп елдің елеулі азаматтарына айналды. Созақ ауданына достарымыздың арқасында сан мәрте барып тұрдық. Киелі де қасиетті мекеннің тұрғындары сол өздері тұрып жатқан өлкедей кең де, дархан жандар екенін көзбен көрдік. Біздің санамызда Әбекең мен Родинаның бейнесі өле-өлгенше сақталады.

Тастыдағы ғылыми зерттеу жұмыстарында бірлесе атқарған жаңа тұқымдық жобаға қатысқаны қарақөл тарихында, оның ішінде тастылық сұр қарақөл шежіресінде алтын әріппен есімі жазылып қалаты-

рухани бұлағы

ұрпақтары да әке жолымен жүріп, елдің ардақты азаматтарына айналып келе жатқанына ризашылық пейілдемін.

Байдабеков Серік, қызметтес інісі: -Мен Әбекең ағамды 1987 жылы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына қызметке ауысып келген соң жақсы араласып тани бастадым. Басқарма ол заманда совхоздың барлық тірлігіне тікелей араласып күндіз-түні қоян-қолтық жұмыс жасайтын. Міне, осы жағдай Әбекең ағаммен етене араласуыма себепші болды. Әбекең ағам өте іскер, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын ұқыпты, талапшыл, өтірікке жаны қас, ақпейіл, аңқылдаған ұйымдастырғыш қабілеті өте

дандағы он совхоздың алды болып тұрды. Қарақөл қойының сұр қабырға гүлі түрінен асыл тұқымды зауыт атанды. Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесінің алтын, күміс медальдарын иеленді. Қазақтың ғылыми зерттеу орталығын басқарған, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, қарақөл саласының бірден бір білгірі Көпмағанбет Елемесов «Тасты» совхозының базасында кандидаттық, артынын докторлық еңбектерін қорғады. Бетпақтың шөлінде, Мойынқұмның құмының ортасында «Тасты» совхозы өзінің тұзу көшесімен, ақшаңқан үйлерімен алыстан қала сияқты болып көрінетін. Бұл Әбекеңнің іскерлігі мен ұқыптылығының арқасы еді. Тастының халқы әлі

шаруашылығында жыл он екі ай науқан. Төтеннен тексеру, сәл кемшілік болса бюрода қаралып сөгіс, болмаса қызметтен алып жататын. Сол өкілдер қай науқанда болмасын тексеруге барғанда Әбекеңнің шаруашылығы кез-келген науқанға сақадай сай тұратынына таңданатын. Мысалы, көктемде қыстаудан жайлауға көше бастағанда қысқы қораларды қидан тазартып, тап-тұйнақтай етіп жинатып, жөнетіп, әктетіп келер қысқа дайындап, басына қарауыл қойып қоятын. «Алған жары жақсы болса ол да жігіттің бір бағы» демекші Родина жеңгеміз да Әбекеңе сай қосылған жар болды. Ашық-жарқын, дастарханды, үлкен-кішіні сыйлай білетін ауылға, елге сыйлы жан еді.

ны анық.

Жоғарыда өз ойларын, жылы пікірлерін айтқан ағаларымыздың естеліктерін оқи отырып, Әбдіқадір көкеміздің өнегелі өмір жолы арқылы кейінгі жастарға, отбасына, соңында қалған ұрпақтарына үлгілі отбасы иесі, абыройлы да ардақты азамат, алқалы топты айқара ашар ақсақалды ата болғанын біле түстік. Және бұл немере, шөберелерінің кездесіне мақтаныш сезімін құя түсері анық. 1992 жылы құдай қосқан қосағы Родина апамыздың қатты науқастануына байланысты аудан орталығына қызмет ауыстыруға мәжбүр болады. Родина апамыз Алматыдағы қыздар педагогикалық институтының түлегі, мектеп мұғалімі болды. Отбасында жұбайы екеуі бес ұл, бес қыз тәрбиелеген ардақты ана болатын.

Әбдіқадір көке зейнеткерлікке шығуына үш жыл қалған уақытын Созақ ауданы бойынша мемлекеттік экология және биоресурстар комитетінің төрағасы қызметін абыроймен атқарды. «Қазатомөнеркәсіп» компаниясына қарасты құмырсқаша құжынаған мекемелер бірінен соң бірі ашылып, көрінген жерлерді қазғылап, тәжірибе жасаған жерлерін тегістемей, көрінген сай-саланы лаптап, қалдық заттарды төгіп, ауданға титімдей болса да салық төлемей кете беретін өндіріс орындарының талай жауапсыз басшыларын жөнге салған ауданның сол уақыттағы бас экологы осы Әбдіқадір Әлтеков болатын. 1995 жылы құрметті демалысқа шығып, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша шекарадағы мал дәрігерлік-кедендік бақылау басқармасының бастығы қызметіне тағайындалып Шымқалаға орналасты. Ауылшаруашылығының білгірі, білікті маман, бірегей басшы Әбдіқадір Әлтеков 2001 жылы өмірден озды.

Артында асқақ абыройы, жайдары жарқын мінезі, әке әруағын құрметтеп, әке ұстанымын ұлықтаған ұл-қыздары, немере, шөберелері қалды. Әбдіқадір Әлтеков Созақ ауданының Құрметті азаматы, Үш мәрте Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған тұлға. ҚР Ардагерлер мекемелерінің Орталық Кеңесінің тапсырысымен 2004 жылы «Дәуір» баспасынан шыққан «Почитаемые люди Казахской земли» деген ғұмырнамалық жинақтар сериясының 51 бетінен ойып орын алған азамат өз бағасын лайықты алған жан еді.

Мақсат ҚАРФАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



жоғары, тез шешім қабылдағыш, адал жан еді. Міне сол мінезінің арқасында «Тасты» совхозын жиырма жылға жуық басқарды. Елге де, қызметтестер мен достарының арасында да сыйлы еді. Сол замандағы ел ағалары райком секретары, атқару комитетінің төрағалары да Әбекеңнің сөзін жерге тастамай, ақыл-кеңесіне жүгінетін. Ол басқарған жылдары «Тасты» совхозы ау-

күнге дейін Әбекеңнің жақсылықтарын жыр етіп айтып отырады. Оны өз құлағыммен естіп куәсі болдым, әрі шәкірті болғандықтан марқайып кеудемді мақтаныш сезімі кернейді. Аудандық партия комитетінің тапсырмасымен уәкілдер тобы құрылып көктемгі мал төлдету, бонитировка, қой қырқымы, сұрыптау, күйек алу, мал қыстату сияқты тағысын тағы науқан көп. Былайша айтқанда мал

Әбдіқадір ағаның досы Рахмет Төлемісов ағамыздың үйіндегі Разия апамыз: -Әбекең біздің студенттік жылдардағы досымыз болатын. Ол уақытта жастардың өресі басқаша болатын. Біздің жастықтың албырт жылдары басқосқан достығымыз ол кісі өмірден өткенше жалғасын тапты. Сыйластық, адамгершілік, бір-бірімізге деген құрмет өлшеусіз болатын. Сол кездегі

Өнегелі ісі көпке үлгі болған

Жақында редакциямызға Шолаққорған ауылының С.Сиязбеков көшесінің тұрғыны, ауылдық қоғамдастықтың мүшесі Жасұланов Нұрсейіт есімді қария хабарласты. Нұрсейіт Әшірбекұлының айтуынша, кеше тұрғындары бірер жылдан бері Сиязбековты жарықтандыру жөнінде тиісті орындарға ұсыныс айтып келген. Алайда, әкімшіліктің жұмысы бесенеден белгілі, "мә" деп бір жерден жылып бере салатын қаржы жоқ. Әуелі, ауыл әкімдігінің жобасына ендіреді, сосын сметасын жасап аудандық қаржы бөлімінен қаржы сұрайды. Егер, аудандық мәслихат мақұлдаса жарықтандыру жұмысы кейінге қалуы, мақұлдаған күнде де оны жүргізу бірден біте салмайтыны да бесенеден белгілі. Міне, осы жәйттардың бәрін ескерген ауылымыздың азаматы, көшенің тұрғыны Жолдасов Данияр Ибадулла (Ипа) ұлы Өз қаржысына жарықтандыру жұмыстарын жүргізіп, көршілерінің алғысқа толы батысын алыпты. Әкесі Ибадулла Бекзатұлының айтуынша, ұлы Данияр бұл ізгі істі былтырдан бері жоспарлап, айлық жалақысының бір бөлігін жыл бойына жиып жүріпті. Жарықтандыру қажетті қаржының басы біріккен соң әуелі ауыл әкімшілігінің, кейін аудан әкімдігінің тиісті бөлімі мен «Оңтүстік Жарық Транзит» тің жергілікті бөлімшесін хабардар етіпті. Қажетті құжаттарды рәсімдеп болғаннан соң, аудан жұртшылығына «ТорланСтрой» намымен таныс ЖШС- тің атқарушы директоры Төлеев Шадиар Қалиұлымен келісімшартқа отырып, жарықтандыру жұмыстарын бастап та кеткен көрінеді. Алдынала қажетті жабдықтарын жасақтап қойғандықтан, қараңғы түсісімен жанып, күн жарығында өздігінен өшетін, эконом шамдарды дайын бағаналарға орнату бір



кеткен көрінеді.

Сонымен, мақаламыздың жазылуына себеп болған Сиязбеков көшесінің тұрғыны, Шолаққорған ауылдық қоғамдастықтың мүшесі Нұрсейіт Әшірбекұлының мәлімдеуінше алыс-жақын көршілердің барлығы жасалған бұл өнегелі іске дән риза екен. Бұрынғыдай, қыстың қысқа күндері таңертең ерте сабаққа барып, кешке кеш қайта-тын оқушы балаларымыз үшін ит қауып алды ма, көлік қағып кетті ма екен деп алаңдамайтын болдық деуде. Олай дейтіні, кешке аяқ жол (тротуар) жоқ болған қаржаңбыр жапқан күндері оқушылар аяқ киімдерін былғамас үшін автокөлік жүретін асфальт жолмен жүруге мәжбүр екен. Тіпті, екі үш рет балалары мен немерелерін асфальт жолда жүйткіген жеңіл көліктер қағып кеткен оқиғалар да орын алыпты. Міне, осы ретте біздің барғанымызды пайдаланып,

жаңа басшы Мұхит Сексенбайұлының жергілікті БАҚтан, әлеуметтік желіден ел ішінде орын алып жатқан қырағылығына, жауапкершілігіне сүйеніп сөйлеп отырмын. Егер бұл мақаланы да оқып, ауыл тұрғындарның үніне құлақ түріп, ауданымызда жаңаруға ниетті Қазақстанның жаршысы боп жүргені рас болса, тиісті бөлім басшыларына тиімді тапсырма беріп, назарына алар! Олай дейтінім, кейіпкеріміз Данияр Ибадуллаұлы өзінің ізгі ниетін білдіріп қабылдауына кіргенде аудан әкімі кәдімгідей қуанып қалыпты және қарамағындағыларға халқының қамын ойлаған жомарт жігітке барлық мүмкіншіліктерді жасап беріңдер деп қадап тапсырма бергенге ұқсайды.

Әне, ағайын! Жалпы, ауылымызда әлі де шешімін таппаған әлеуметтік, инфрақұрылымға қатысты түйткілді мәселелер көп. Әрине, мүлдем істелінбей жатыр деу ойымызда жоқ. Себебі, ауылымыздың аудан орталығы болған соң, қайсыбір аудан орталықтарының бірінен ілгері, бірінен кейін күн кешіп жатқанын көзіміз көріп жүр. Сондай-ақ, «Парасат» клубы құрылып, Шолаққорған ауыл әкімшілігімен, басшысы Әділ Камалұлымен етене жақын араласып, қоян-қолтық жұмыс жасап жүрген соң, жергілікті бюджеттің шамасы бір жерге дейін-ақ екенінен жақсы хабардармыз. Жоғарыда айтқанымдай, ауылымызда қордаланған, шешімін күтіп тұрған мәселе көп. Солардың бірі де бірегейі осы көшелерді жарықтандыру жайы. Менің білуімше, биылғы және келесі жылдың бюджетінен жарықтандырылуы тиіс ықшам аудандар бар. Бірақ, «жомарттың қолын жоқшылық байлайды» деп, сол қу бюджет тапшылығы ауылымызды көптеген әлеуметтік мәселелерді түбегейлі шешуге қол байлау боп тұр. Міне, осы жағдайды назарға ала отырып, «ТорланСтрой» ЖШС-нің Құрылтайшысы және атқарушы директоры ағайынды Төлеевтер Мадияр және Шадиар есімді іскер азаматтарды Парасатқа шақырып ақылдасып көрдік. Ел арасында Монти және Шонти есімдерімен танылып, халықтың қызметкерлеріне айналған бұл азаматтар егер жергілікті биліктен қолдау, бұқара халықтан да мақұлдау болса, Шолаққорған ауылының басқа көшелерін де эконом қаржының есебінен және тұрғындардың немесе әрбір көшедегі кейіпкеріміз Данияр Ибадуллаұлы секілді еліне жанашыр, игі ниетті азаматтардың есебінен орнатуға болады дейді. Сондай-ақ, қызмет ақысына да Даниярдың жағдайындағыдай көп сұрамайтындықтарын ескертті. Ө, айтқандай! Ауылымыздың жарықтанбаған әрбір көшесінде тұрған электр бағаналарына жарық фонарьларын орналастыруға қажетті рұқсатты өткенде облыстан «Оңтүстік Жарық Транзит» және «Энергопоток» мекемелерінің өкілдері келгенде парасаттықтар халықтың атынан ауызша айтып, жауабын да ауызша алып алған болатынбыз. Ендігі жерде, үш тарапты келісімді жүзеге асыру жергілікті биліктің құзырында. Ойлаймын, елдің қамы деп атқа қонып жүрген азамат ағаларымыз бен інілеріміз бұқараның базынасына құлақ түріп, қажетті шешімдер жасар!

Данияр БЕК.

«Мектепке жол» акциясы



Оқушыларға қамқорлық

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – еліміздің әлеуметтік-құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі. 2022 жылды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Балалар жылы» деп жариялаған болатын.

Осыған орай биыл балаларды қорғауға, сапалы біліммен қамтуға, мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығын нығайтуға, инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Биылғы жыл «Балалар жылы» болып белгіленгендіктен республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында өткізіліп жүрген әлеуметтік бастама бұл жолы да өз жалғасын табады. Бұл қайырымдылық іс-шараға бүгінде облыс әкімдігі бастамашылдық танытып, барлық аудандық әкімдіктер, облыстық басқармалар, мекеме мен кәсіпорын басшылары, ауыл әкімдері, білім саласының қызметкерлері, мейірімділігі мен мәрттігін танытып жүрген абзал азаматтар қатысуға ниет білдіріп, балаларға деген сый-сияпаттарын




табыс етіп жатыр.

Осы орайда Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник Е.Манапов және де аталған мекеме ұжымы осындай игі істі қолдап, ауданымыздағы 2 оқушыны мектепке керекті барлық киім-кешектерімен, оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етті. Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің 6 сынып оқушысы Орынбай Сәкен және А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің 3 сынып оқушысы Алуа Қыдырбаеваны аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің қызметкерлері арнайы мектеп формасы мен оқу құрал жабдықтарын сататын дүкенге ата-аналарымен бірге апарып, өздерінің таңдауы бойынша керекті заттарын алып берді. Атап айтар болсақ, мектеп формасы, спорттық киім, сырт киім, күзгі және қысқы аяқ киім, спорттық аяқ киім, көйлек, бас киім, спорттық киім сынды керек жарақтар. Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығы, подполковник Е.Манапов оқушыларды ата-аналарымен бірге қабылдап, оларға тиісті заттарын мекеме қызметкерлерімен бірге табыстап, оқушылардың алдағы оқу жылына сәттілік тіледі.

Ал, ата-аналар өздерінің тараптарынан аталған мекеменің басшысына, ұжымына шексіз алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.



күндік уақыттарын ғана алыпты. Әрине, бұл жерде Шадиардың кәсіби басшы, «ТорланСтрой» ЖШС-нің жұмысшыларының да кәсіби мамандар екенін ескерсек Сиязбеков көшесін жарықтандыруға бар болғаны 1 күн ғана уақыт кетіргендіктеріне сену аса қиын емес. Сондай-ақ, жарықтандыруға қажетті қайсыбір заттарды да Данияр Ибадуллаұлы мұрындық боп істеп жатқан игі іске кішкентай да болсын қосқан үлесімді тисін деп ЖШС-тің атынан тарту етіп және мейлінше арзан бағамен орнатып берген екен. Тағы да сол кейіпкеріміз Даниярдың әкесі Ибадулла (Ипа) ағамыздың айтуынша, осы жарықтандыруды жүргізуге шамамен 1 млн теңгедей қаржы

ауыл қариясы Нұрсейіт Жасұланов осы жағдайды ауыл әкімі мен тиісті бөлім және мекеме басшыларына жеткізуімізді өтінді. Бәлкім аяқ жол салып берер, бәлкім көшенің бірнеше жерінен жүйткіген көліктердің жылдамдығын төмендетуге сеп болатын жол кедергісін (лежащи полицейский) төсеп немесе көшенің басы мен аяғына жылдамдықты тежейтін арнайы белгі (знак) қойып берер деп қалды. Біз де өз кезегімізде газеттің өзімізге берген мүмкіндігін пайдаланып, тиісті орындарға халықтың базынасын жеткізуге уәде бердік. Оның үстіне, елде туып-өсіп, сыртта қызмет етсе де 38 жылдан соң жұртына қызмет істеу ниетімен туған өлкесіне оралып отырған

ХАБАРЛАНДЫРУ!**Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің назарына!**

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге күзгі дала жұмыстарын жүргізуге мемлекет тарапынан жеңілдетілген жанар-жағар майды (дизель отынын) жеткізіп беруші «Ай бегім» ЖШС-нің операторы Жеңіс тел.8-775-993-94-95 Ұялы телефоны, бағасы 201 теңгеден сатылымда тұрғандығын, қазіргі таңда жеңілдетілген жанар-жағар май Шолаққорған ауылдық округіндегі «Ақниет» жанармай құю бекетінде, Созақ ауылдық округіндегі «Теріскей» жанармай құю бекетінде тұрғандығын, ауылдық округтері мен кенттері әкімдіктерінің берген ұсынысына сай алуға ниет білдірген шаруаларға кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінен талон арқылы берілетіндігі хабарланады. Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің Ұялы телефоны - 87785941710 арқылы хабарласып біле аласыздар.

Еске алу**Абырой биігіндегі азамат еді**

Мынау бес күндік жалған дүниеде кім мәңгілік қалар дейсіз? Шыр етіп өмірге келгеннен кейін бір өлімнің болары хақ. Бұл табиғат заңдылығы.

Туған-туыстарына, отбасына, дос-жарандарына қадірлі азамат **Серікбаев Болат Айнабекұлы** сұм ажал ортамыздан алып кеткелі қырық күннің жүзі болып қалды.

Ол қарапайым еңбегімен абырой биігіне көтерілген азамат болатын.

Болат Айнабекұлы 1955 жылы Ащысай поселкесінде дүниеге келіп, осында мектеп бітірген. Алғашқы еңбек жолын 1976 жылы Ащысай полиметалл комбинатындағы заводта электрлік болып бастайды. Жас та болса ол ерен еңбегімен көзге түсіп, Ащысай полиметалл комбинатының Кентау қаласындағы құрмет тақтасына суреті ілінеді.

1994 жылы аталған кәсіпорында завод, шахтада жұмыс тоқтағаннан кейін 1995-1999 жылдар аралығында Ақтөбе облысының Эмба поселкесінде шахтер болып жұмыс атқарады.

2000 жылдан бастап Қазақ-Француз біріккен «Катко» кәсіпорнына жұмысқа кіреді. Жоғары оқу орнын бітіруді мақсат тұтқан Болат М.Әуезов атындағы технология университетіне оқуға түсіп, бітіріп шығады.

2005 жылдан бастап «Катко» кәсіпорнында электрқызметінің бастығы лауазымына тағайындалады. Өндіріс орнында тыңғылықты, іскер азамат ретінде танылып, құрметке бөленеді. «Катконың» 10 жылдық мерейтойында мерекелік медальмен марапатталады.

Болат Айнабекұлы қызметте де, жора-жолдастары арасында да, отбасында да өте сыйлы, абыройлы азамат еді. Адалдықты, шыншылдықты, еңбекқорлықты өмірінің соңына дейін серік етті. Сондай-ақ, ол қолы алтын азамат болатын. Шеберлігіне ел тәнті болып, ризашылық сезімдерін білдіріп жататын.

Отбасында өмірлік жары Әлкенқызы Тәттігүлмен 1979 жылы шаңырақ көтеріп, дүниеге 2 ұл, 2 қыз келтіріп, тәрбиелеп өсірді. Олардан 15 немере сүйіп, перзенттерінің қызығына бөленген бақытты әке еді.

2018 жылы жоғарыда аталған кәсіпорында жемісті еңбек етіп зейнеткерлік шыққан болатын.

Болат Айнабекұлы қашанда жарқын жүзді, адамгершілігі мол азамат ретінде көпшілікке танылды. Оның іскерлігі әрбір жасаған жұмысынан көрініп тұратын. Досқа адал, жанжасына қамқор жан болатын.

**Қырық күн болды әке өмірден кеткелі,
Ғұмыр деген өтпелі ғой өтпелі.
Жарқын жүзі жүректерде сақтаулы,
Әрбір ісі көңілімізден кетпеді.
Асқар тауым қымбат жан ғой әкешім,
Кешіруші ең ұл-қызыңның қатесін.
Қанша уақыт зырлап, сырғып өтсе де,
Ұмытпайды перзенттері асыл адам әкесін.
Қадірлі едің туысқа да, досқа да,
Еске аламыз жанарлардан жас тама.
Бала жанын ұғушы едің айтқызбай,
Сырларды да шертпеуші едік басқаға.
Жағатқан жерің жайлы болсын мамықтай,
Рухың бізді жебеп жүрсін қалықтай.
Өзің жайлы таусылмайды әңгіме,
Ұрпақтарың айта берер жалықпай,-** деп марқұм әкемізді сағыныспен еске ала отырып 7 қыркүйек күні қонақасын, 8 қыркүйек қырық күндік асын Шолаққорған ауылындағы С.Еспенбетов атындағы көшедегі өз үйінде өткізетіндігімізді хабарлаймыз.

Асқа шақырушылар: жары, ұл-қыздары, Айнабековтер әулеті.

Газетіміздің келесі номері мерекелік демалыс күндеріне байланысты 3 қыркүйек, сенбі күні шығады.



Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге

кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет

дар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшы-

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан,

атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік орган-

лары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Е.МАНАПОВ,
Созақ аудандық
қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі бас-
тығы, подполковник.

Қоғам дертімен күресейік!

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «согрпто» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «согрптіге» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі-қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Торғын УАЛИХАНОВА,
«Азаматтарға арналған
үкімет» МК КЕ АҚ Түркістан
облысы бойынша филиалы-
ның маманы.

Сальмонеллез жұқпасының алдын алу

Қоршаған ортада тағам өнімдерінде және суда ішек инфекцияларының қоздырғыштарының көбеюі үшін ең қолайлы жағдайлар жылдың жаз мезгілінде жасалады. Тез бұзылатын өнімдерді ұзақ және дұрыс сақтамаған және пайдаланған кезде аурудың ықтималдығы артады. Барлық осы факторлар жіті ішек инфекцияларымен, оның ішінде сальмонеллезбен ауруға ықпал етеді.

Сальмонеллез жұқпасының белгілері: ауру жіті басталады: дене қызуы жоғарылайды (ауыр түрлері 39С және одан жоғары), әлсіздік, бас ауруы, қалтырау, жүректің айнуы, құсу, кіндік аймағында ауырсыну пайда болады, кейіннен нәжістің бұзылуы, айқын интоксикация қосылады. Сондықтан келесі қарапайым ережелерді сақтау қажет:

- Рұқсат етілмеген сауда орындарында, кездейсоқ адамдардан тамақ өнімдерін, оның ішінде жұмыртқаларды сатып алмау.

- Тез бұзылатын тамақ өнімдерін тоңазытқышта «тауарлық көршілік» ережесін сақтауды ескере отырып және рұқсат етілген мерзімі шегінде сақтау керек.

- Дайындалған тағамның қалдықтарын қолданар алдында жақсы жылыту қажет.

- Жұмыртқаны пісірілген (кемінде 10 минут пісіріңіз) немесе екі жағынан мұқият қуырылған күйінде қолданған жөн. Шикі жұмыртқаны ішу ұсынылмайды. - Азық-түліктерді (шикі және пісірілген, көкөніс және ет) бөлу үшін жеке кесу тақтайларын және пышақтарды пайдаланыңыз.

- Шикі ет пен құстарды бөлгеннен кейін пайдаланылған тақтайларды, пышақтарды және басқа да жабдықтарды жуу құралы бар ыстық суда немесе ыдыс жуу машинасында мұқият жуыңыз.

- Жеке бас тазалығын қатаң сақтау, тамақ қабылдау, дайындау алдында, даладан келген соң және дәретханадан кейін қолыңызды міндетті түрде сабынмен тазалап, жиі жуып отыру.

А.УТЕПОВ,
Созақ аудандық СЭББ эпидемиологиялық
бақылау және қадағалау бөлімінің
бас маманы.

Орман өртіне абай болайық!

Қазіргі уақытта көптеген жеке азаматтар ұйымдасып тау баурайына сейілге шығып серуен ұйымдастырады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірлеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның кесірінен таулы аймақта орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер аның сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртеу орнаны адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршаға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өніуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Ерлан САМЕТ,
Созақ орман және жануарларды қорғау
мекемесінің аға орманшысы.

Аудан орталығындағы автотұрақта халыққа қызмет көрсететін Әбдәлі Гаюповті көпшілік «Бұл біздің Әбәди ғой» деп үнемі ауыздарынан тастамай айтып жүреді. Өйткені ол өзінің мінсіз қызметімен көлік жүргізушілер мен тұрғындардың көңілінен шыққан азамат. Ұялы телефоны да қоңыраудан бір сәт босамайды. Тіршілік болған соң адамдар әртүрлі сапарларға шығады. Мұндай кездерде олар Әбекеңе қоңырау соғып, көлік мәселесін шешіп беруін сұранады.

Уақытпен санаспай жұмыс жасайтын Ә.Гаюпов түннің ортасы болса да телефонына жауап беріп, жолаушыларға қызмет көрсетіп жатқан сәтін талай мәрте кездестіргенмін. Тұрғындар тарапынан түскен өтінішке тиянақты, жауапкершілікпен қарап, тапсырыс берушілердің көңіліндегі көлікті тауып беруге барынша жұмыс жасайды. Қашанда төңірегіндегілерге жақсылық жасауға дайын тұратын ол ешкімнің көңілін қалдырған емес.

Ауданымыздың шалғай ауылдарын-



рамады. Көпшіліктің денсаулығы болса да ұзақ жолға шыдамайды. Содан әрі ойлап, бері ойлап, не де болса Әбдәлі ініме өтініш жасайын деп шештім. Сөйттім де ауылдағы аудан орталығына қатынайтын такси жүргізушісіне хат жазып беріп, Әбекеңе жеткізуін тапсырдым. Жолаушылар таситын көлік ауылдан ерте шығатын. Сонымен кешке әлгі таксиді күттім. Көңілімде тапсырмамды орындай қояр ма екен деген күдіктің болғаны да рас. Жолға қарап отырмын. Бір кезде ауыл таксидің төбесі көрінді. Көлік біртіндеп жақындай берді. Бір кезде ол біздің үйге қарай бұрылды. Мен болсам тағатсыздана күтудемін. Үйдің алдына келіп тоқтады. -Көке, таңертең беріп жіберген хатыңызды Әбекең алды. Содан әлгі сәлемдеме хатыңызды оқып шығып, інім қайтар кезінде маған соғып кет. Қарияның өтінішін орындап қоямын деді. Жолаушыларымды жинап болғанша, ол сіздің жіберген сұраны-

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ

да тұратын кісілер де оны жақсы таниды. Кейде хат-хабар, сәлемдемелерді де ауыл адамдары Әбекең арқылы бір-біріне жолдап жатады. Мұндай сәттерде ол әлгі өзіне тапсырылған сәлем-сауқатты иесіне тапсырғанша асығады.

Ширек ғасырдан астам уақыт бойы халыққа қызмет көрсетіп келе жатқан қарапайым азамат осынау мерзім ішінде қаншама адамның алғысын алып, оларға қуаныш сыйлады. Автотұрақтағы тазалық, жүргізушілердің жұмыс реттілігі, жолаушыларға талапқа сай қызмет көрсету мәселесі оның үнемі назарында. Күн ұясынан шықпай жатып ол күнделікті жұмысқа асығады. Себебі автотұрақтағы қызу тіршілік ерте басталады. Бағила жеңгеміз де оның ас-суын ерте қамдап, бәйек болып, жағдайын жасайды.

«Жақсының жақсылығын айт- нұры тасысын» демекші Әбекеңнің ізгі ісі, ағалық қамқорлығы жайлы жүргізушілер тарапынан да жылы лебіздер көп айтылады.

Қызылкөл ауылының тұрғыны, такси жүргізушісі Жомарт Көбелеков Әбекең туралы өзінің жүрек жарды тілегін былайша жеткізген еді.

-Әбдәлі аға өте тамаша адам. Барлық жүргізушілер ол кісіні сыйлайды. Біраз жылдардың жүзі болды бірге жұмыс жасап келеміз. Күнделікті ақыл кеңесін айтып, жолаушыларға сапалы қызмет көрсету жайын үнемі назарға салып отырады. Барынша әділ де таза кісі. Қабақ шытып, ұрысқан кезі болған емес. Үнемі түсіністікпен қарап, ағалық қамқорлығын жасап келеді. Алыс-жақыннан көп кісілер Әбекеңе хат-хабар, сәлем-сауқат жіберіп, ағайын туыстарына жеткізуін өтініп жатады. Ол кісі танысын-танымысын әлгі кісілердің өтінішін қабылдап, сәлемдемелерді диттеген жеріне жеткізуге барын салады. Мұндай көпшіліктің тапсырысын орындауда ол алдына жан салмайды.

Қарапайым, адамгершілігі мол, көпшіл ағамыздың әрбір ісі бізге үлгі десек артық айтқандық емес. Біз алдымыздағы осындай өнегелі кісіге қарап бой түзейміз. Көп нәрсені үйренеміз. Жаны жақсылыққа жақын жанның үнемі барша жұрттың алғысын арқалап жүргені бізге де мақтаныш. Жұмысымыздың реттілікпен жүргізі-

луіне оның қосып келе жатқан үлесін ауыз толтырып айтуға болады. Жүргізушілер тарапынан ылғи да оған жақсы пікірлер айтылады. Өйткені Әбекең барлығымыздың оябымызды тауып, жан дүниемізді түсініп, бізбен сырласып, жүрегімізге жол тауып, жұмыс жасауға әбден қалыптасқан азамат. Сондай-ақ, ол әр күн сайын біздердің қас-қабағымызға қарап, көңіл-күйімізді, отбасымыздың жағдайын біліп отыруды дағдыға айналдырған.

Табан астында шаруамыз шығып жатса, ол кісіге хабарласып, мән-жайды айтып, кезекті басқа жүргізушіге берсеңіз екен деп, өтініш жасаймыз. Көпшілікпен жұмыс жүргізіп қалыптасып қалған ол жағдайды лезде-ақ түсіне қояды. Сөйтіп такси жүргізушілері тарапынан жолаушылар атына реніш туындамаудың жолын қарастырады.

Көптеген жылдардан бері аудан тұрғындарын талай сәтті сапарға шығарып салып, тек қана олардан жылы лебіз естіп жүрген азаматқа қандай мақтау айтса да жарасады, - деді.

Иә айтса айтқандай-ақ, Ә.Гаюпов бала жасынан біреудің ала жібін аттамайтын, адал, достыққа берік, ауыл-аймаққа сыйлы болып ержеткен жан. Осы кейіпкеріміз туралы бұдан бұрын да аудандық басылым беттерінде бірнеше мақала жазған болатынбыз.

Әбекең өте көпшіл азамат. Бұл күнге дейін сонау бала кезінен бірге өскен сыныптастарымен тығыз байланыс жасап тұрады. Жастық кезеңнің керемет шақтарын бірге өткізген достары үзбей хабарласады. Жағдайын біліп, отбасының тыныс-тіршілігін сұрайды. Мектепте жүрген кездерінен әдемі сырлар шертеді. Балалықтың бал дәурен кездерін сағынышпен еске түсіреді. Әбекең бұл салада жұмыс жасағалы бірнеше жылдың жүзі болды. «Дарақ бір жерде көгереді» демекші табан аудармай осында еңбек етіп келеді. Алғашында көпшілікпен етене араласып, әртүрлі мінездегі адамдармен қарым-қатынас жасай жүріп, осы атқарып жүрген ісіне қалыптасып, қарамағындағы жүргізушілердің қыры мен сырына қанығып, олармен ортақ тіл табысу тетігін тапты. Өзінің сыпайы да салмақты, көркем мінезімен олардың жүрегіннен орын ала білді.

Көпшілікке қызмет ететін болғандықтан жүргізушілердің техникалары талапқа сай болу керек екендігін жіті назарда ұстап, ескерту жасап отырады. Егер де талап үдесінен шықпаса сапарға шығуына жол бермейді. Бұл біріншіден жолаушының қауіпсіздігіне аса қажет талап болса. Екіншіден кез-келген жолаушыға сыпайы қызмет көрсетуді басты назарда ұстау керек екендігін үнемі ескертіп отыруды дағдыға айналдырды. Мұның жол-көлік оқиғаларын болдырмауға септігі тиетіндігін жадында сақтап, ылғи да әріптестеріне айтып ескертуді естен шығармауды әсте ұмытқан емес. Жүргізушілер де жүру қозғалысын реттеп отыратын ағаларының ақыл-кеңесін тыңдап, техникаларының әркезде талапқа сай болуын қадағалап, жауапкершілікпен қарап, көліктерінің ақаусыз жүргізілуін басты міндетіміз деп сезінеді.

Автотұрақта әр бағытта жолаушылар таситын көлік иелерінің ынтымағы мен бірлігіне бұл кісінің қосып келе жатқан үлесі мол. Түрлі мәдени-көпшілік шаралардан да ұжым мүшелері тысқары қалған емес.

Наурыз мерекесінде ұжым болып бірлесіп, көпшілік шараға ұйымшылдықпен қатысады. Орталарынан қаражат жинап іс-шараға үлестерін қосады. Сондай-ақ, әлеуметтік жағынан аз қамтылған жанұяларға көмек көрсету жағына келгенде де қоғамдық ортақ істен шеткері қалған емес. Көп болып жұмылып қайырымдылық ісіне де өз үлестерін қосып келеді. Әбекеңнің өмірлік ұстанымы: қолынан келіп жатса адамдарға жақсылық жасау. Бір-біріңе жылы сөз айту- үлкен адамгершіліктің, ізеттіліктің белгісі деп жиі айтады. Мұны көпті көрген, Пайғамбар жасын алқымдаған ағамыздың шынайы жүрек толғанысы деп түсінемін.

Журналистік сапармен өңіріміздің алыс ауылдарын жиі аралаймыз ғой. Сол кездерде ауыл адамдары Әбдәлі ағамыз жайлы көптеген жылы сөздер айтып жатады. Мәселен, бір қария кісінің мына айтқан әңгімесі күні бүгінге дейін жадымда сақталып қалыпты.

-Үйге қонақ шақыратын болып, аудан орталығынан дастарханға қажетті көкөніс, конфет, тәтті кондитерлік тағамдар алдыру қажет болып қалды. Барып алып келуге денсаулығым жа-

сыңызды орындап, дүкенді аралап, заттарды алып қойған екен. Міне беріп жіберген азық-түлігіңізді қабылдап алыңыз деп шопыр бала көңілді күймен көлігінен түсіре бастады. Бір ауыз сөзімді жерге тастамай уақытсын бөліп, ерінбей маған қызмет жасағанына қуанып қалдым. Кейін аудан орталығына барғанда оған арнайы сәлем беріп, қариялық батамды бердім, - деді ауыл ақсақалы.

Тізбелей берсек мұндай оқиғалар біздің кейіпкеріміздің күнделікті қызметінде аз кездеспейді.

Жаны жақсылыққа жақын жүретін азамат жасаған қызметін ешқашан міндетсіген емес. Қайта мүмкіндігі келгенше маңайындағыларға қол ұшын беруге дайын тұрады. Бұл қасиет оның бойына әуел бастан дарып қалыптасқан.

Алыс ауылдарға газет-журнал жеткізуге де Ә.Гаюпов үлесін қосып жүр. Қыстың қытымыр аязында, жаздың аптапты ыстығында далада тұрып жұмыс жасау оңай емес. Ол табиғат мезгілінің осындай қиындығына қарамастан бір күн жұмыстан қалмай еңбек етіп, халыққа қызмет етіп келеді. Мұның барлығы сайып келгенде үлкен жауапкершілікті, табандылықты, өз ісіне шынайы берілгендікті танытса керек. Аптал азаматтың жарқын істері көпке үлгі.

Ә.Гаюпов жанұясында перзенттерін тәрбиелеп өсіріп, қанаттандырды. Өмірлік жары Бағила екеуі отбасының хыйтқысы. Оларға тәлім тәрбие беріп, жоғары оқу орындарына оқуға түсірді. Ұлы оқу орнын бітіріп келді. Үйлендірді Немере сүйіп, оның қызығына бөленуде.

Шуақты өмір қызығын көріп отырған Әбдәлі ағамыздың әрбір таңы арайлап атып, әр күн көпшілікке қызмет көрсетуден басталады.

Ауыл-аймаққа, аудан жұртшылығына есімі кеңінен таныс азамат халықтың алғысына, ықылас-пейіліне бөленуден артық бақыт жоқ деп есептейді. Күніне адамдарға жылылық нұрын ұсынып, кісінің жүрегіне шуақ құйып, қуанышқа кенелткен сәтке ешнәрсе жетпейді дейді ол ағынан жарылып.

Көпшіліктің құрметіне бөленіп, алғыс арқалаған азаматқа еңбегіңіздің рахатына бөлене беріңіз дейміз.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директордың міндетін уақытша атқарушы: Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы

Бас редактор: Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшының міндетін уақытша атқарушы:
Нұрсұлтан Шертаев
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.